

## Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 мамыр N 635

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Хайдаркан сынап МАҚ үшін (Айдаркен кенті, Ош облысы, Қырғыз Республикасы) "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) 2000 жылғы 19 қазандағы N 11/2001-НВ келісім-шарты бойынша номенклатура мен қосымшаға сай сан бойынша беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беріلسін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге және басқа да нормативтік кесімдерге сәйкес ерекше қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, темір жол көлігімен жүктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 15 мамырдағы  
N 635 қаулысына  
қосымша

Хайдаркан сынап МАҚ үшін (Айдаркен кенті, Ош облысы, Қырғыз Республикасы) үшін "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) 2000 жылғы 19 қазандағы N 11/2001-НВ келісім-шарт бойынша беретін тауарлардың саны

Р/с! N!	Тауардың атауы	Код ТН СЭН	Өлш.	Саны	Бір бірлік	Құны АҚШ
!	!	бірл.	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!	!
1	Диаметрі 32 мм пат. рондардағы 6ЖВ аммо. ниті МЕМСТ 21984-76	360200000	тонна	200	467,00	93400,00
2	От өткізгіш бау ОША МЕМСТ 3470-80	360300100	мың метр	300	135,00	40500,00
3	ҚД-8МА ДИШВ 773.941. 008 ТУ капсуль- детонаторы	360300900	мың дана	200	124,00	24800,00
4	ЭД-1-3Т ДИШИВ 773.951.300 ТУ электродетонаторлары	360300000	мың дана	50	1035,00	51750,00
5	ДША МЕМСТ 6196-78 детонациялайтын бауы	360300100	мың дана	40	226,00	9040,00
6	ЗП-Б ТУ 84-206-81 тұтандырғыш патрондары	360300900	мың дана	10	496,00	4960,00
7	ЭЗ-ОШ ТУ 84-207-81 электр тұтандырғышы	360300900	мың дана	10	540,00	5400,00
8	ВП-0,8 МЕМСТ 6285-74 өнеркәсіптік жарылыс жұмыстарына арналған сым	360300900	мың метр	20	52,00	1040,00
	Жиыны					230890,00

Жүкті алушы: Хайдаркан сынап МАҚ (Айдаркен кенті, Ош облысы, Қырғыз Республикасы) Шекаралық өту станциялары: Локоть, Тобол (Ресей); Павлодар (Қазақстан).

Соңғы баратын станциясы: Қырғыз темір жолының Жыл-Арық станциясы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК